



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Бизнес және экономика жоғары мектебі
Экономика кафедрасы**

Кәсіпкерлік

Есенгелдиева Гүлмира Тоқтасыновна - аға оқытушы

1 – дәріс

Кәсіпкерлік ойлау жүйесі: табысқа жетудің алғашқы қадамы

Бөлім 1.1

Кәсіпкерліктің экономикадағы рөлі және түрлері

Жоспар

1. Кәсіпкерліктің экономикадағы рөлі.
2. Кәсіпкерліктің негізгі түрлері.
3. Кәсіпкерлік субъектілері.

Кәсіпкерліктің экономикадағы рөлі

Кәсіпкерлік - азаматтардың табыс немесе жеке табыс алуға бағытталған, өз атынан, өзінің мүлкітік жауапкершілігімен немесе заңды тұлғаның атынан және заңдық жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашыл дербес қызметі.

Кәсіпкерлік процесс ретінде:

- жаңа идеяларды іздеуді,
- мақсаттар қоюды, бағалауды
- идеяны нақты нәтижеге айналдыратын жаңа кәсіпорында іске асыруды қамтиды.

Кәсіпкерліктің функцияларын жіктеу

- жалпы экономикалық;
- ресурстық;
- шығармашылық-іздестіру (инновациялық);
- әлеуметтік;
- ұйымдастырушылық.

Кәсіпкерліктің әлеуметтік міндеттері

- Халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселесін шешу.
- Тұрмыс деңгейін жоғары болуын қамтамасыз ету.
- Адамның өмірге тың сеніммен қарауының мүмкіндіктерін арттыру.

Кәсіпкерліктің экономикалық міндеттері

- Нарықтық қатынастарды дамыту.
- Шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану.
- Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
- Жаңа жұмыс орындарын ашу.
- Рыноктағы сұранысты қамтамасыз ету.
- Экономикалық активті халықты барынша ынталандыру.

Кәсіпкерліктің экономикалық міндеттері

- Инвестицияларды тиімді салаларға тарту.
- Инновациялық жаңалықтарды ашып оны өндіріске енгізу.
- Кластерлік жүйенің дамуы.
- Лизингтік қатынастардың дамуы.
- Өнімдердің сапалылығының жоғары болуы.
- Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуі.

Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Негізгі жіктелімдер

- Меншік нысандары бойынша.
- Заңдылық белгілері бойынша.
- Аумақты қамту бойынша.
- Табыстылық деңгейі бойынша.
- Инновацияларды қолдану бойынша.
- Қызмет түрлері бойынша.
- Қызмет субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл түрлері бойынша.

Кәсіпкерлікті қызмет түрлері бойынша жіктеу

Өндірістік кәсіпкерлік



өнеркәсіп



ауыл шаруашылығы



құрылыс

Кәсіпкерлікті қызмет түрлері бойынша жіктеу



pixabay.com

Коммерциялық кәсіпкерлік



inbusiness.kz

Қаржылық кәсіпкерлік



pixabay.com

Кеңес беруші кәсіпкерлік

Субъектілер арасындағы өзара іс-қимыл түрлері бойынша кәсіпкерлікті жіктеу



fullstack.com

Business to Consumer B2C
(тұтынушыға арналған бизнес)



fullstack.com

Business to Business B2B
(бизнеске арналған бизнес)



freepic.com

Business to Government B2G
(мемлекетке арналған бизнес)

Әлеуметтік кәсіпкерлік

Азаматтар мен қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге ықпал ететін қызмет **әлеуметтік кәсіпкерлік** деп танылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік, мәдени немесе экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған. Негізгі міндет-қоғам өмірін жақсы жаққа өзгерту, содан кейін ғана пайда табу.

Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары

Жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

- шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- орта кәсіпкерлік субъектілері;
- ірі кәсіпкерлік субъектілері.

Кәсіпкерлік субъектілері

Кәсіпкерлік субъектілері	Жылдық орташа саны	Жылдық орташа кірісі
микрокәсіпкерлік субъектілері	15 адамнан аспайтын	30 000 АЕК аспайтын
шағын кәсіпкерлік субъектілері	100 адамнан аспайтын	300 000 АЕК аспайтын
ірі кәсіпкерлік субъектілері	250 адамнан асатын	3 000 000 АЕК асатын

Шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады

Қорытынды

1. Кәсіпкерлік - мемлекет экономикасының маңызды элементі. Әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде кәсіпкерлік көптеген қоғамдық қатынастарды қамтиды.
2. Кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі түрлері бар.
3. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлердің орташа жылдық санына және орташа жылдық табысына байланысты ерекшеленеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.
2. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым.
Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 480 бет.

Қолданылған интернет ресурс тізімі

1. Нәлібаев Б. Әлемнің әйгілі бизнесмендері [Электрондық ресурс] :
монография / - Алматы : Alem Service Plus, 2014. - 250 б.
2. 5 LESSONS TWITTER CO-FOUNDER BIZ STONE SHARED WITH HPU
STUDENTS <http://www.highpoint.edu/blog/2016/01/5-lessons-twitter-co-founder-biz-stone-shared-with-hpu-students/>